


деген ынта-жігердің жиілігі жайында бағалау деректерін алу, сондай-ақ темекі тұтынуды бақылау мен оның алдын алу болып табылады. Сауалнаманы жүргізу үшін үй шаруашылықтарын тұрмыс деңгейі бойынша іріктелі зерттеу желісі пайдаланылды.

Зерттеуде респонденттер ретінде үй шаруашылығының 15 және одан жоғары жастағы бір мүшесі қатысады. Зерттеу нәтижесінде құрылған ақпараттар темекі тұтынуын және басқа да маңызды индикаторларға бақылау жүргізу арқылы, ол өз кезегінде Қазақстан Республикасындағы темекі тұтынумен күреске бағытталған тиімді стратегиялар мен бағдарламалар жасауға мүмкіндік береді.

2021 жылғы алынған нәтижелер (2020 жылмен салыстырғанда) қазіргі уақытта темекі тартатын респонденттердің үлесі 29-38 жас және 60 (63) және одан жоғары жас топтарында артты, ал 15-17 жас, 18-28 жас, 39-48 жас және 49-59 (62) жас аралық топтарда кемігені байқалады.

Қазіргі уақытта жас топтары бойынша ересек халықтың темекі тұтынуы

үй шаруашылықтарының жалпы санына темекі тартатын респонденттердің үлесі, пайызбен




Үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеу қорытындылары бойынша 2021 жылғы «Халықтың тұрмыс сапасы» сауалнамасы бойынша респонденттердің 61,3% (субъективті бағалау бойынша) өз өміріне жалпы қанағаттанғанын көрсетті, бұл ретте қалаларға (56,1%) қарағанда ауылдық жерлерде қанағаттанғандар көбірек (70,7%).

2017 жылғы зерттеумен салыстырғанда үй шаруашылықтарының өміріне қанағаттанушылығы деңгейі 5 п.т. артты (2017 жылы – 56,5%).

Халықтың өз өміріне қанағаттанушылығы

пайызбен



Қысқаша әдіснамалық түсініктемелер

Халықтың атаулы ақшалай табыстары (бағалау) – халықтың ағымдағы тұтынуға, өндірістік қызметке және жинақтауға бағыттайтын ақшалай қаражаттары.

Нақты ақшалай табыстар индексі – бағаның базистік кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңдегі өзгерісін ескере отырып атаулы ақшалай табысының өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

Үй шаруашылығы – бір немесе одан да көп жеке адамдардан құралған, бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын экономикалық субъект.

Тұтыну шығыстары – бұл халықтың тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бағытталатын ақшалай шығыстары. Үй шаруашылықтарының тұтыну шығыстары уақыт кезеңдері бойынша едәуір ауытқуы мүмкін тұтыну бағаларының деңгейіне едәуір дәрежеде тәуелді. Пайдалану түрлері бойынша тұтыну шығыстарының құрамы тамақ өнімдерін, үйден тыс жерлерде тамақтану шығыстарын, алкогольді ішімдіктерді, темекі өнімдерін, азық-түлік емес тауарларды және ақылы қызметтерді сатып алуды қамтиды.

Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен (азық-түлік қоржынының құнынан) төмен халықтың үлесі – ең төменгі күнкөріс деңгейінен (азық-түлік қоржынының құнынан) төмен табыстары бар халық санының халықтың жалпы санына пайыздық өлшемдегі қатынасы. 2018 жылғы қаңтардан бастап ең төмен күнкөріс деңгейінің құрылымы өзгерді. Азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың тіркелген үлесі ең төмен азық-түлік себеті құнының 45% мөлшерінде белгіленді.

Сізге толығырақ ақпарат қажет пе?

Республикамыздың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі индикаторларын Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz Интернет-ресурсынан таба аласыз.

«Қазақстан халқының тұрмыс деңгейі» статистикалық жинақтары «Ресми статистика» / «Салалар бойынша» / «Жарияланымдар» бөлімінде орналастырылған.

«Ресми статистика» / «Салалар бойынша» бөлімінде халықтың өмір сүру деңгейі статистикасы бойынша бюллетендер, сондай-ақ, жедел-ақпараттар орналастырылған.

Сіздің басқа да сұрақтарыңыз бар ма?

Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаментіне хабарласыңыз:

Наталья Евгеньевна Белоносова
Департамент директоры
Тел. +7 7172 749022
E-mail: nat.belonosova@aspire.gov.kz

Біздің мекенжайымыз:

010000, Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011
Факс: +7 7172 749546
E-mail: e.stat@aspire.gov.kz
Интернет-ресурсы: <http://www.stat.gov.kz>

Таралымы: 300 дана.



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

www.stat.gov.kz

Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі



Сіз білесіз бе...

- Қазақстанда соңғы 5 жылда (2017-2021 жылдарға) кедейліктің деңгейі 2,5 проценттік тармаққа жоғарылап, 2021 жылы 5,2% құрады
- 2021 жылы алдын-ала деректер бойынша Қазақстанда орташа алғанда халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстың ең жоғары мөлшері Атырау облысында (241390 теңге), Нұр-Сұлтан (199547 теңге) және Алматы (179882 теңге) қалаларында, ал төмен мөлшері – Түркістан облысында (70608 теңге) және Шымкент (84 042 теңге) қаласында белгіленді
- 2021 жылы темекі тартатын респонденттердің үлесі 20%-ды құрады, ондағы ерлер – 77%-ды, әйелдер – 23%-ды құрады

Үй шаруашылықтары не үшін зерттеледі?

Үй шаруашылықтарын іріктеме зерттеу – республикадағы халықтың тұрмыс деңгейін зерттеу және осы ақпараттарды қоғамға ұсыну мақсатында жүргізіледі.

Алынған ақпараттың құпиялылығы сақталады ма?

«Мемлекеттік статистика туралы» Заңға сәйкес, респонденттерден алынған ақпарат қатаң түрде құпиялы және тек статистикалық мақсаттарға пайдаланылады.


Бұл ақпарат не үшін қолданылады?

Сауалнама нәтижелері әр түрлі экономикалық және статистикалық есептерде: жалпы ішкі өнімді есептеуде және оны бөлуде, тұтыну бағасының индекстерін салмақтау схемасы ретінде есептеуде кеңінен қолданылады. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын әзірлеу және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға мониторинг жасау үшін, тұрмыс жағдайы және деңгейі, халықтың жұмыспен қамтылуы және зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде мемлекеттік саясаттың тиімділігін зерттеу үшін және т.б. қолданылады.

Зерттеу нәтижелері бойынша жалпыланған ақпараттарды тоқсан сайын статистикалық бюллетендер, баспасөз-хабарламалары түрінде жарияланады. Жарияланымдар халықтың тұрмыс деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерден, табыстар мен шығыстардың деңгейі мен құрылымынан, табыстардың халықтың арасында бөлінуінің әркелкілігінен, тамақ өнімдерін тұтыну саны және тағы басқалардан тұрады.

2021 жылы халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары алдын ала деректер бойынша 131797 теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 1,6 есеге өсті.

Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы табысының серпіні



■ халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары, теңге
 — орташа жан басына шаққандағы халықтың атаулы ақшалай табыстарының индексі, өткен жылға пайызбен
 — нақты ақшалай табыстар индексі, өткен жылға пайызбен

* Алдын ала деректер.

Үй шаруашылықтарын зерттеу қорытындылары кедей халықтың үлесінің 2017 жылдан 1,9 есе артқанын көрсетті.


Халықтың кедейлік деңгейі



■ табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі

Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша 12000 үй шаруашылықтарын зерттеу деректері төмендегіні көрсетті 2021 жылы ең жоғарғы ақшалай табысы бар халықтың 20%-на, барлық табыстардың 40%-ға жуығы келеді, бұл орайда ең төменгі табысы бар халықтың 20%-на барлық табыстардың 10%-на жуығы келетінін көрсетті.

20 пайыздық (квинтильдік) топтар бойынша халық табысының үлесі



2021 жылы халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай шығыстар бойынша 67440 теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге артты.


Халықтың ақшалай шығыстары



■ айына орташа жан басына шаққандағы халықтың ақшалай шығыстары

Халықтың барлық ақшалай шығыстарының құрамында ең көп бөлігі 93,0% тұтыну шығыстарына келеді. Кредит немесе борышты өтеуге үй шаруашылықтары – 4,9% жұмсайды, туыстары мен таныстарына материалдық көмек және алименттер – 2%, салықтар, төлемдер мен басқа да төлемақылар 0,1% құрады.

Халықтың ақшалай шығыстарының құрылымы



■ тұтыну шығыстары
 ■ туыстары мен таныстарына материалдық көмек, борышақы
 ■ салық, төлемдер және басқа төлемдер
 ■ кредит пен қарызды өтеу

Соңғы жылдар ішінде тұтыну шығыстарының құрылымында халықтың азық-түлік тауарларына жұмсалған шығыстары үлесінің тиісінше 50,4%-дан 56,8%-ға дейін ұдайы ұлғаюы байқалды.


Халықтың тұтыну шығыстарының құрылымы



2021 жылы тамақ өнімдері және алкогольсіз сусындарын сатып алу үшін орта есеппен бір адамға 398616 теңгеден келеді; үйден тыс тамақтануға – 10186 теңге; алкогольді ішімдіктерге – 5726 теңге; темекі бұйымдарына – 11 835 теңге; коммуналдық қызметтер, тұрғын үйді күтіп ұстау және жөндеу – 42968 теңге; дәрі-дәрмектерге, емдеу жабдықтары мен аппаратураларға – 13289 теңге; автокөлік құралдары және көлік құралдары үшін жанар-жағармай материалдарына – 30534 теңге.


Үй шаруашылықтарының тұрмыс деңгейін зерттеу қорытындылары бойынша тамақ өнімдерінің едәуір көп тұтынылатын топтары сүт және сүт өнімдері болды.

Халықтың тамақ өнімдерін тұтынуы



Әр жыл сайын үй шаруашылықтарында жайлылық деңгейі артауда. 2021 жылы орталық жылытумен қамтамасыз етілу үлесі 2017 жылмен салыстырғанда 6,3 п.т., орталықтан ыстық сумен жабдықтау – 3,6 п.т., орталық көріз – 1,8 п.т., желілік газ – 3,6 п.т. өскенін көрсетті.

Тұрып жатқан үйдің жайластыру түрлері бойынша үй шаруашылықтарының қамтамасыз етілуі



2020 жылдан бастап Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысы бойынша елдегі ересек халықтың темекі тұтынуы туралы зерттеулер жүргізеді. Зерттеудің мақсаты – темекіні тұтыну, пассивті темекі тарту және темекіні тастауға